«Маманды жұмысқа жіберу, бюджет қаражаты есебінен жұмсалған шығыстарды өтеу, өз бетімен жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған Қазақстан Республикасының азаматтарын жұмыспен өтеу жөніндегі міндетінен босату немесе олардың міндетін тоқтату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 11 тамыздағы № 403 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің бұйрығының жобасына
салыстырлмалы кесте

№	Бөлім	Қолданыстағы редакция	Ұсынылған редакция	Негіздеме
«Маманды жұмысқа жіберу, бюджет қаражаты есебінен жұмсалған шығыстарды өтеу, өз бетімен жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған Қазақстан Республикасының азаматтарын жұмыспен өтеу жөніндегі міндетінен босату немесе олардың міндетін тоқтату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 11 тамыздағы № 403 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33291 болып тіркелген)				
1	9-	9. Осы Қағидалардың 3, 4, 5, 6, 7 және 8-тармақтарында көрсетілген Қазақстан Республикасының азаматтары ЖЖОКБҰ-ны немесе ДССҒҰ-ны бітіргеннен кейін осы Қағидалардың 3, 4, 5, 6, 7 және 8-тармақтарында көзделген мерзім шегінде мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша олардың нақты оқу уақытына сәйкес: 1) ақылы негіздегі оқудан мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауысқан; 2) мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқудан ақылы негіздегі оқуға ауысқан; 3) ЖЖОКБҰ-дан немесе ДССҒҰ-дан оқудан шығарылып, ағымдағы немесе келесі оқу жылы ішінде кейіннен қайта оқуға қабылданған жағдайларда жұмыспен өтейді.	9. Осы Қағидалардың 3, 4, 5, 6, 7 және 8-тармақтарында көрсетілген Қазақстан Республикасының азаматтары ЖЖОКБҰ-ны немесе ДССҒҰ-ны бітіргеннен кейін осы Қағидалардың 3, 4, 5, 6, 7 және 8-тармақтарында көзделген мерзім шегінде мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша олардың нақты оқу уақытына сәйкес: 1) ақылы негіздегі оқудан мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауысқан; 2) мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқудан ақылы негіздегі оқуға ауысқан; 3) ЖЖОКБҰ-дан немесе ДССҒҰ-дан оқудан шығарылып, ағымдағы немесе келесі оқу жылы ішінде кейіннен қайта оқуға қабылданған жағдайларда жұмыспен өтейді. Жұмыспен өтеу мерзімі мынадай формула бойынша есептеледі: T = y / x * z, мұндағы:	1. ҚР Жоғары аудиторлық палатасының нұсқамасы. Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді дамытуға және сапасын арттыруға бөлінген қаражатты пайдалану тиімділігінің мемлекеттік аудитінің қорытындылары туралы» 2025 жылғы 26 желтоқсандағы

		Жұмыспен өтеу мерзімі мынадай формула бойынша есептеледі: T = y / x * z, мұндағы: T – айлардағы жұмыспен өтеу мерзімі, күндерге бөлшектенбейді (бұл ретте дөңгелектеу үлкен жағына қарай жүргізіледі); y – мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқудың айлардағы нақты мерзімі, күндерге бөлшектенбейді (бұл ретте дөңгелектеу үлкен жағына қарай жүргізіледі); x – ЖЖОКБҰ-да немесе ДССҒҰ-да оқудың айлардағы жалпы мерзімі (бұл ретте дөңгелектеу үлкен жағына қарай жүргізіледі); z – осы Қағидалардың 3, 4, 5, 6, 7 және 8-тармақтарында көрсетілген, бүкіл мерзім бойы мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқып шыққан Қазақстан Республикасының азаматтары үшін 36 айды (4-тармақта көрсетілген азаматтар үшін 24 ай) құрайтын жұмыспен өтеу мерзімі.	T – айлардағы жұмыспен өтеу мерзімі, күндерге бөлшектенбейді (бұл ретте дөңгелектеу үлкен жағына қарай жүргізіледі); y – мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқудың айлардағы нақты мерзімі, күндерге бөлшектенбейді (бұл ретте дөңгелектеу үлкен жағына қарай жүргізіледі); x – ЖЖОКБҰ-да немесе ДССҒҰ-да оқудың айлардағы жалпы мерзімі (бұл ретте дөңгелектеу үлкен жағына қарай жүргізіледі); z – осы Қағидалардың 3, 4, 5, 6, 7 және 8-тармақтарында көрсетілген, бүкіл мерзім бойы мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқып шыққан Қазақстан Республикасының азаматтары үшін 36 айды (4-тармақта көрсетілген азаматтар үшін 24 ай) құрайтын жұмыспен өтеу мерзімі. **Осы Қағидалардың 7 және 8-ші тармақтарында көрсетілген Қазақстан Республикасының азаматтары, егер докторантура бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған тұлғаға оқуды аяқтаған күннен бастап он жыл ішінде философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесі берілмесе, оқуына байланысты бюджеттік қаражат есебінен жұмсалған шығындарды өтеуге міндетті».**	№33-1-Н нұсқамасында көрсетілген
2	10-тармақ	10. Заңның 47-бабының 17-тармағында көрсетілген Қазақстан Республикасының азаматтарын жұмысқа жіберу мақсатында оларды дербес бөлу жүзеге асырылады. ЖЖОКБҰ мен ДССҒҰ Оператордың **ақпараттық жүйесіне** білім алушылар контингентінің қозғалысы (қабылдау, оқудан шығару, ауыстыру, қалпына келтіру,	10. Заңның 47-бабының 17-тармағында көрсетілген Қазақстан Республикасының азаматтарын жұмысқа жіберу мақсатында оларды дербес бөлу жүзеге асырылады. ЖЖОКБҰ мен ДССҒҰ Оператордың цифрлық жүйесіне білім алушылар контингентінің қозғалысы (оқуға қабылдау, оқудан шығару, ауыстыру, қайта қабылдау, академиялық демалыс	**1. ҚР Жоғары аудиторлық палатасының нұсқамасы.** Қазақстан Республикасы

		академиялық демалыс беру, академиялық демалыстан шығу) туралы ақпаратты, растайтын құжаттарды қоса бере отырып, бөлу нәтижелері туралы мәліметтерді қашықтық режімінде уақтылы енгізеді.	беру, академиялық демалыстан шығу) туралы ақпаратты, растайтын құжаттарды қоса бере отырып, бөлу нәтижелері туралы мәліметтерді, **сондай-ақ қатар Оператордың пайдаланылған бюджет қаражаты бойынша жиынтық қаржылық есепті жүргізуімен, бюджет қаражаты есебінен жұмсалған оқу шығыстарының сомалары, соның ішінде оқудан шығарылған білім алушылар бойынша,** қашықтық режімінде уақтылы енгізеді. Енгізілген мәліметтердің анықтығы үшін жауапкершілік ЖЖОКБҰ мен ДСҒҰ-ға жүктеледі.	Жоғары аудиторлық палатасының «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді дамытуға және сапасын арттыруға бөлінген қаражатты пайдалану тиімділігінің мемлекеттік аудитінің қорытындылары туралы» 2025 жылғы 26 желтоқсандағы №33-1-Н нұсқамасында көрсетілген Оператордың цифрлық жүйесінде мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша пайдаланылған қаражат сомалары туралы мәліметтердің толықтығын, дұрыстығын және уақтылы көрсетілуін қамтамасыз ету міндетін бекіту туралы, оның ішінде деректердің енгізілуін және өзектендірілуін

				бақылау туралы ұсынымдарды орындау үшін.
2	19-тармақшаның бірінші бөлігінің 3), 4), 5), 6) тармақшалары мен екінші бөлігі	19. Заңның **47-бабының 17-2-тармағына сәйкес** Комиссияның шешімімен Қазақстан Республикасының азаматтары мынадай жағдайларда: 1) Заңның 47-бабы 17-2-тармағының 5) және 6) тармақшаларында көзделген шарттар сақталған кезде кейіннен жұмыспен өтеуден босату үшін әскери қызметтің белгіленген мерзімі аяқталғанға дейін әскерге шақыру бойынша немесе келісімшарт бойынша әскери қызмет өткерген кезде; 2) шетелдік білім беру ұйымдарында резидентурада (ординатурада), магистратурада, аспирантурада, докторантурада оқуға түскен және оқуын аяқтаған кезде жұмыспен өтеу мерзімін кейінге қалдыру уақытын **есептемегенде** оқу кезеңінде **жұмыспен өтеу бойынша міндеттерін кейінге қалдырады**. **3), 4), 5), 6) тармақшалары болмаған** **Осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген адамдар кейінге қалдыру мерзімі біткен күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей жұмыспен өтеу жөніндегі міндеттерін орындауға кіріседі және жұмысқа орналастырылған сәттен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде растайтын құжаттарды қоса бере отырып, Операторды кейінге қалдыру мерзімінің өтуі және жұмыспен өтеу орны туралы жазбаша хабардар етеді.**	19. Заңның 47-бабының **17-тармағында көрсетілген** Қазақстан Республикасының **азаматтарына Комиссияның шешімімен жұмыспен өтеу бойынша міндеттемелерін орындауды кейінге қалдыру мына жағдайларда беріледі:** 1) Заңның 47-бабы 17-2-тармағының 5) және 6) тармақшаларында көзделген шарттар сақталған кезде кейіннен жұмыспен өтеуден босату үшін әскери қызметтің белгіленген мерзімі аяқталғанға дейін әскерге шақыру бойынша немесе келісімшарт бойынша әскери қызмет өткерген кезде; 2) **шетелдік білім беру ұйымдарына резидентураға (ординатураға), магистратураға, аспирантураға, докторантураға оқуға түскен кезде, кейінге қалдыру уақытын жұмыспен өтеу мерзіміне есептеместен, оқуды аяқтағанға дейінгі кезеңге;** **3) Қазақстан Республикасындағы ЖЖОКБҰ немесе ДССҒҰ-ға резидентураға мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде, магистратураға, докторантураға оқуға түскен кезде, кейіннен оқуды аяқтаған шартымен жұмыспен өтеуден босатылуы үшін оқу кезеңіне;** **4) екі дипломдық білім беру бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттаудың академиялық мерзімдері сәйкес келмеген жағдайда, кейінге қалдыру уақыты жұмыспен өтеу мерзіміне есептелместен, білім беру**	**1. 2) тармақшаға** редакциялық сипаттағы түзетулер енгізілді. **2. 3) тармақша** – Заңның 47-бабы 17-2-тармағының 3) тармақшасын «оқуын аяқтаған» деген сөздермен толықтыру оқуды аяқтау шартымен жұмыспен өтеуден кейінге қалдырылған босатуды білдіреді және жоғары оқу орнынан кейінгі бағдарламалар бойынша оқу кезеңіне жұмыспен өтеуді кейінге қалдыруды ұсынуды көздейді. **3. 4) тармақша - екі дипломдық білім беру**. 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 ҚР БҒМ бұйрығымен бекітілген Жоғары

			бағдарламаларының бірі бойынша оқуды аяқтау кезеңіне; **5) жұмысқа орналаспаған кезеңде жүктілік басталуы, бала (балалар) туу, үш жасқа дейінгі бала (балаларды) асырап алу, үш жасқа дейінгі бала (балалар) үшін қорғаншылық белгіленген кезеңінде, бала (балалар) үш жасқа толғанға дейінгі мерзімге, кейінге қалдыру уақытын жұмыспен өтеу мерзіміне есептеместен;** **6) жұмысқа орналаспаған немесе мансап орталықтарында есепте тұрған кезеңде денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның бұйрығымен бекітілген аурулар тізбесіне сәйкес екі айдан астам уақытша еңбекке жарамсыздық мерзімі белгіленген ауруларбойынша, сондай-ақ кәсіптік қызметтің белгілі бір түрлерін жүзеге асыруға кедергі болатын аурулар бойынша уақытша еңбекке жарамсыздық фактісін куәландыратын тиісті медициналық құжаттарда көрсетілген еңбекке жарамсыздық кезеңіне, кейінге қалдыру уақытын жұмыспен өтеу мерзіміне есептеместен;** **7) мансап орталығында жұмыссыз ретінде есепте тұру уақыты бір жылдан асқан жағдайда (мансап орталығының жолдамасы бойынша әлеуметтік жұмыс орнында жұмысын жалғастыруды қоспағанда), кейінге қалдыру уақытын жұмыспен өтеу мерзіміне есептеместен;** **8) шетелдік білім беру ұйымының жоғары оқу орнынан кейінгі бағдарламалар бойынша академиялық оқуға қабылдау үшін міндетті талабы болып табылатын дайындық (тілдік) курстарына, магистрге дейінгі дайындыққа**	және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларында екі дипломдық білім беру - қос тең бағалы диплом немесе бір негізгі және екінші қосымша диплом алу мақсатында, екі білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарлары бойынша оқу мүмкіндігі, соның ішінде шетел ЖЖОКБҰ-да (қосдипломды бағдарламалар). Сонымен қатар жас мамандардың мемлекеттік тапсырыс негізінде оқу бітіргенімен екінші білім беру бағдарламасы бойынша оқудың аяқталмауына

			(Foundation Programme) қабылдануына байланысты, оқу шартының қолданылу кезеңіне, кейінге қалдыру уақытын жұмыспен өтеу мерзіміне есептеместен. **Жас мамандардың, философия докторларының (PhD) және бейіні бойынша докторлардың жазбаша өтініштері негізінде Комиссиялар кейінге қалдыруды беру туралы мәселені қарастырады.** **Кейінге қалдыруға негіз болған мән-жайлар тиісті құжаттармен расталады.** Осы тармақтың 2), **4), 5), 6) және 7) тармақшаларында** көрсетілген адамдар кейінге қалдыру мерзімі біткен күннен бастап **екі айдан** кешіктірмей жұмыспен өтеу жөніндегі міндеттерін орындауға кіріседі және жұмысқа орналастырылған сәттен бастап күнтізбелік 10 (он) **күнтізбелік** күн ішінде растайтын құжаттарды қоса бере отырып, Операторды кейінге қалдыру мерзімінің өтуі және жұмыспен өтеу орны туралы жазбаша хабардар етеді. **Осы тармақтың 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген адамдар белгіленген әскери қызмет мерзімі аяқталғаннан немесе жоғары оқу орнынан кейінгі бағдарламалар бойынша оқуын аяқтағаннан кейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Операторға кейінге қалдыру мерзімінің аяқталғаны туралы жазбаша хабарлап, алдыңғы оқу деңгейі бойынша жұмыспен өтеуден босату туралы өтінішпен Комиссияға жүгінеді.** **Осы тармақтың 8) тармақшасында көрсетілген адамдар дайындық (тілдік) курстарын,**	байланысты жұмысты өтеуді кейінге қалдыру туралы өтінішпен Операторға жүгінген жағдайлар орын алып тұрады. **4. 5) тармақша - жүктілік, балаларды босану, асырап алу, қорғаншылыққа алу.** Мониторингілеу барысында жас мамандардың жұмысқа орналаспай тұрып жүкті болу, балаларды босану жағдайлары өте жиі болады. Сәйкесінше олар жұмыспен өтеу жөніндегі міндеттемені бұзған болып есептеледі. Оператор оларға жұмыспен өтеу туралы талаптарды қояды, бірақ олар жүктілігіне және кішкентай балалардың күтімді қажет ететіндігіне байланысты міндеттемені орындай

			магистрге дейінгі дайындықты (Foundation Programme) аяқтағаннан кейін шетелдік білім беру ұйымдарына резидентураға (ординатураға), магистратураға, аспирантураға, докторантураға одан әрі оқуға қабылданған жағдайда, кейінге қалдыру мерзімі өткен күннен бастап екі айдан кешіктірмей қайтадан Комиссияға жоғары оқу орнынан кейінгі бағдарламалар бойынша оқу кезеңіне кейінге қалдыру беру туралы жазбаша өтінішпен жүгінеді, ал оқуға түспеген жағдайда — осы тармақтың төртінші бөлігінде көзделген тәртіппен жұмыспен өтеу міндетін орындауға кіріседі.	алмайды. Сондықтан олар әдетте бала үш жасқа толғанға дейін жұмыспен өтеуді кейінге қалдыруды сұрайды. Алайда Оператор Заңда және Қағидаларда мұндай норма болмағандықтан бұл өтініштерді қанағаттандыра алмайды. Осыған байланысты Оператор талап қоюмен соттарға жүгінуге мәжбүр. Сонымен қатар егер жауапкер жүкті немесе үш жасқа толмаған балаларды тәрбиелейтін әйел болған жағдайда барлық жерде соттардың Оператордың талап қоюларын қанағаттандырусыз қалдыру бойынша сот тәжірибесі қалыптасып отыр. Мұндай шешімдер қабылдауға уәж

				ретінде соттар, біріншіден, Заңда жүкті әйелдерге, үш жасқа дейінгі баласы (балалары) бар, сондай-ақ үш жасқа дейінгі баланы (балаларды) өзі тәрбиелеп жатқан адамдарды жұмысты өтеу жөніндегі міндеттен босату туралы норманың (47-б., 17-2-т., 4) тарм) болуын, бірақ қандай да бір уақыт шектеулері, жүктіліктің басталу уақыты, мерзімдері, кезеңдері туралы нақты нұсқаулардың болмауын, екіншіден, соттар жүкті және үш жасқа дейінгі баланың күтімін жүзеге асыратын адамдардың физикалық түрде жұмысқа орналасу және толыққанды жұмыс жасауға мүмкіндігі болмайтын

				нақты жағдайын негізге алады. **5. 6)-тармақша – екі айдан астам уақытқа созылатын ұзақ аурулар.** Мүгедектік тағайындалмай-ақ, кәсіби қызметті жүзеге асыруға кедергі болатын ұзаққа созылатын аурулар немесе сырқаттар кездеседі, мысалы, туберкулез, шизофрения. ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1033 бұйрығымен Уақытша еңбекке жарамсыздық мерзімі екі айдан астам уақытқа белгіленген аурулардың тізбесі бекітілген (барлығы 434 ауру, соның ішінде туберкулез, онкологиялық аурулар, күйіктер, жарақаттар,

				инфарктілер, салдану және т.б.). Жас мамандардың Операторға ауру кезеңіне жұмыспен өтеуді кейінге қалдыру туралы өтінішпен жүгіну жағдайлары кездеседі. Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексінің (бұдан әрі – Денсаулық туралы кодекс) 77-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес ҚР азаматтары ҚР заңнамасына сәйкес уақытша еңбекке жарамсыздық фактісін куәландыратын тиісті құжаттарды алуға және ұсынуға құқылы. Денсаулық туралы кодекстің 89-бабына сәйкес уақытша еңбекке жарамсыздық

				сараптамасы жеке тұлғаның еңбекке жарамсыздығын ресми тану және оны ауырған кезеңіне еңбек міндеттерін орындаудан уақытша босату мақсатында жүргізіледі. ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрығымен «Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру қағидалары» бекітілген. Қағидалардың 16-тармағына сәйкес уақытша еңбекке жарамсыздық парағы жүктілік пен босануды, сондай-ақ Денсаулық туралы кодекстің 89-бабының 2-тармағына сәйкес

				екі айдан астам уақытша еңбекке жарамсыздық мерзімі белгіленген Аурулар тізбесінде анықталған ауруларды қоспағанда, күнтізбелік 60 күннен аспайтын мерзімге беріледі. **6. 7) тармақша — мансап орталығында бір жылдан астам уақыт тұру.** «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сапасын арттыруға және дамытуға бөлінген қаражатты пайдалану тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудит қорытындылары туралы» Жоғары аудиторлық палатаның 2025 жылғы 26 желтоқсандағы № 33-1-Н Нұсқамасында көзделген

				тапсырманы орындау мақсатында, оған сәйкес мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған түлектердің мансап орталықтарында «жұмыссыз» мәртебесінде есепте тұруының шекті мерзімін белгілеу қажет, ол мерзім өткеннен кейін түлек өзінің жұмыспен өтеу жөніндегі міндетін орындауды қайта бастауға немесе мемлекеттік білім беру гранты қаражатын қайтару туралы талаптарды орындауға тиіс. Жоғары аудиторлық палатаның ескертуі (дәйексөз): «Мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алған түлектердің мансап орталықтарында «жұмыссыз» мәртебесінде есепте тұруының белгіленген

				шекті мерзімінің болмауына байланысты нормативтік олқылық (пробел) бары байқалады. Уақытша мерзімдердің (шеңберлердің) болмауы кейіннен жұмысқа орналаспай, есепте ұзақ уақыт бойы тұру жағдайларына әкеп соғады. Мәселен, жалпы міндеттемелер сомасы 3 830,8 млн теңгені құрайтын 1 496 түлек мансап орталығы арқылы жұмыспен өтеуден өтіп жатқандар ретінде есепте тұр, бұл ретте олардың 22-сі бойынша жұмысқа орналасуы расталмағанына қарамастан, Оператордың цифрлық жүйесінде «толық жұмыспен өтеді» мәртебесі көрсетілген. Бұл нормативтік реттеудің

				жеткіліксіздігін айғақтайды, «жұмыссыз» мәртебесінде ұзақ уақыт болу іс жүзінде жұмыспен өтеу жөніндегі міндеттемені орындаумен теңестіріледі және түлектердің жұмысқа орналасуы туралы деректерді бұрмалайды. Соның салдарынан жұмыспен өтеу жөніндегі міндеттемелердің орындалмау және оқуға жұмсалған бюджет қаражатының шығын болу қаупі артады.». **7. 8) тармақша — дайындық (тілдік) курстары, магистр алдындағы дайындық (Foundation Programme).** Кейбір шетелдік жоғары оқу орындарында және

				оқыту шет тілінде жүргізілетін жекелеген отандық ЖЖОКБҰ-ларда, мысалы, «Назарбаев Университеті» ДБҰ-да, жоғары оқу орнынан кейінгі бағдарламалар бойынша академиялық оқуға қабылдану үшін магистрге дейінгі дайындықтан немесе тілдік курстардан өту немесе дайындық бөлімдерінде (Foundation Programme) білім алу туралы міндетті талап бар. Тілдік курстар — тілдік тесттерге дайындық курстарын қамтитын, академиялық бағыттағы шет тілін меңгеру деңгейін арттыратын курстар. Магистрге дейінгі дайындық— егер одан өту оқу орнының академиялық оқуға

				қабылдау үшін міндетті талабы болып табылса, шетелдік жоғары оқу орындарындағы білім беру жүйесі мен оқыту әдістеріне бейімделу дайындығы. Магистрге дейінгі дайындық мынадай модульдерді қамтиды: оқу елінің әлеуметтік-мәдени ортасымен танысу, халықаралық студенттерге арналған шетелдік ұйымның ережелерімен және қызметтерімен танысу; білім беру жүйесін, оқыту әдістерін, халықаралық студенттерге қойылатын талаптарды зерделеу және оқу елінің академиялық ортасымен танысу; магистрлік бағдарламаны сәтті меңгеру үшін қажетті академиялық және

				зерттеу дағдыларын жетілдіру. Заңның 37-бабының 2-1-тармағына сәйкес ЖЖОКБҰ-лардың дайындық бөлімдерінде білім алу қосымша білім беруге жатады. Дайындық бөлімдерінде оқыту «Қазақстан Республикасының жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдерінің қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 554 бұйрығымен регламенттеледі.
3	20-тармақ	20. Бөлу сәтінде бос жұмыс орындары болмаған жағдайда жұмысқа орналасуға жәрдемдесу үшін Заңның 47-бабының 17-тармағында көрсетілген Қазақстан Республикасының азаматтарына Комиссия жұмыс іздеп жүрген адамдар ретінде тіркеу туралы өтініштермен жүгіну үшін	20. Бөлу сәтінде бос жұмыс орындары болмаған жағдайда жұмысқа орналасуға жәрдемдесу үшін Заңның 47-бабының 17-тармағында көрсетілген Қазақстан Республикасының азаматтарына Комиссия жұмыс іздеп жүрген адамдар ретінде тіркеу туралы өтініштермен жүгіну үшін	**1.** Қағидаларды Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексіне сәйкес келтіру.

		тұрғылықты жері бойынша мансап орталықтарына немесе «**электрондық үкіметтің**» веб-порталы немесе «Электрондық еңбек биржасы» (портал enbek.kz) **мемлекеттік ақпараттық порталы** арқылы жұмыспен өтеу мерзімінде жұмыс іздеп жүрген адам, жұмыссыз адам ретінде есепте тұрған уақытын есепке ала отырып, жолдамалар береді.	тұрғылықты жері бойынша мансап орталықтарына немесе «**цифрлық үкіметтің**» веб-порталы немесе «Электрондық еңбек биржасы» (портал enbek.kz) **мемлекеттің цифрлық объектінің порталы** арқылы жұмыспен өтеу мерзімінде жұмыс іздеп жүрген адам, жұмыссыз адам ретінде есепте тұрған **бір жыл** уақытын есепке ала отырып, жолдамалар береді. **Мансап орталығында жұмыссыз ретінде бір жылдан астам уақыт есепте тұру кезеңіне, кейіннен бұл мерзімді жұмыспен өтеу мерзіміне есептеместен, кейінге қалдыру беріледі.** **Мансап орталығында есепте тұру кезеңін жұмыспен өтеу мерзіміне есептей отырып ұзарту жағдайы, жұмыссыз адам Мансап орталығы арқылы «Ұрпақтар келісімшарты», «Алғашқы жұмыс орны» жобалары шеңберіндегі уақытша әлеуметтік жұмыс орындарына, жастар практикасына және өзге де жобаларға әлеуметтік жұмыс орындарын немесе жастар практикасын ұйымдастыру мен қаржыландыру туралы шарттың мерзімі аяқталғанға дейін жұмысқа орналасқан кезде қолданылады.**	**2. ҚР Жоғары аудиторлық палатасының нұсқамасы.** «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сапасын арттыруға және дамытуға бөлінген қаражатты пайдалану тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудит қорытындылары туралы» Жоғары аудиторлық палатаның 2025 жылғы 26 желтоқсандағы № 33-1-Н Нұсқамасында көзделген тапсырманы орындау мақсатында, оған сәйкес мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған түлектердің мансап орталықтарында «жұмыссыз» мәртебесінде есепте тұруының шекті мерзімін белгілеу

				қажет, ол мерзім өткеннен кейін түлек өзінің жұмыспен өтеу жөніндегі міндетін орындауды қайта бастауға немесе мемлекеттік білім беру гранты қаражатын қайтару туралы талаптарды орындауға тиіс. Жоғары аудиторлық палатаның ескертуі (дәйексөз): «Мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алған түлектердің мансап орталықтарында «жұмыссыз» мәртебесінде есепте тұруының белгіленген шекті мерзімінің болмауына байланысты нормативтік олқылық (пробел) бары байқалады. Уақытша мерзімдердің (шеңберлердің) болмауы кейіннен жұмысқа орналаспай, есепте ұзақ уақыт

				бойы тұру жағдайларына әкеп соғады. Мәселен, жалпы міндеттемелер сомасы 3 830,8 млн теңгені құрайтын 1 496 түлек мансап орталығы арқылы жұмыспен өтеуден өтіп жатқандар ретінде есепте тұр, бұл ретте олардың 22-сі бойынша жұмысқа орналасуы расталмағанына қарамастан, Оператордың цифрлық жүйсінде «толық жұмыспен өтеді» мәртебесі көрсетілген. Бұл нормативтік реттеудің жеткіліксіздігін айғақтайды, «жұмыссыз» мәртебесінде ұзақ уақыт болу іс жүзінде жұмыспен өтеу жөніндегі міндеттемені орындаумен теңестіріледі және түлектердің жұмысқа

				орналасуы туралы деректерді бұрмалайды. Соның салдарынан жұмыспен өтеу жөніндегі міндеттемелердің орындалмау және оқуға жұмсалған бюджет қаражатының шығын болу қаупі артады.».
4	26-тармақ	26. Заңның 47-бабының 17-тармағында көрсетілген Қазақстан Республикасының азаматтары оқитын ЖЖОКБҰ мен ДССҒҰ-да негізгі бөлуге алдын ала дайындалу мақсатында оқу аяқталатын жылы 1 наурызға дейінгі мерзімде Операторға білім алушылар туралы өзекті деректерді Оператордың **ақпараттық жүйесіне** қашықтық режімінде енгізіп, Оператор белгілеген нысан бойынша қағаз жеткізгіште немесе электрондық құжат нысанда күтіліп отырған оқу бітірушілер туралы мәліметтерді ұсынады.	26. Заңның 47-бабының 17-тармағында көрсетілген Қазақстан Республикасының азаматтары оқитын ЖЖОКБҰ мен ДССҒҰ-да негізгі бөлуге алдын ала дайындалу мақсатында оқу аяқталатын жылы 1 наурызға дейінгі мерзімде Операторға білім алушылар туралы өзекті деректерді Оператордың **цифрлық жүйесіне** қашықтық режімінде енгізіп, Оператор белгілеген нысан бойынша қағаз жеткізгіште немесе электрондық құжат нысанда күтіліп отырған оқу бітірушілер туралы мәліметтерді ұсынады, **бюджет қаражаты есебінен жұмсалған оқу шығыстарының сомаларын, соның ішінде оқудан шығарылған білім алушыларды қоса алғанда.** **Енгізілген мәліметтердің анықтығы үшін жауапкершілік ЖЖОКБҰ мен ДСҒҰ-ға жүктеледі.**	1. Қағидаларды Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексіне сәйкес келтіру. **2. ҚР Жоғары аудиторлық палатасының нұсқамасы.** Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді дамытуға және сапасын арттыруға бөлінген қаражатты

				пайдалану тиімділігінің мемлекеттік аудитінің қорытындылары туралы» 2025 жылғы 26 желтоқсандағы №33-1-Н нұсқамасында көрсетілген Оператордың цифрлық жүйесінде мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша пайдаланылған қаражат сомалары туралы мәліметтердің толықтығын, дұрыстығын және уақтылы көрсетілуін қамтамасыз ету міндетін бекіту туралы, оның ішінде деректердің енгізілуін және өзектендірілуін бақылау туралы ұсынымдарды орындау үшін.
5	36-тармақ	36. Заңның 47-бабының 17-тармағында көзделген жұмыспен өтеу жөніндегі міндетті орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының азаматтары Заңның 47-бабының 17-2 және (немесе) 17-3-тармақтарында көзделген	36. Заңның 47-бабының 17-тармағында көзделген жұмыспен өтеу жөніндегі міндетті орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының азаматтары Заңның 47-бабының 17-2 және (немесе) 17-3-тармақтарында көзделген жағдайларды	Бөліп төлеу нормасын енгізу бюджет қаражатының біртіндеп қайтарылуын

		жағдайларды қоспағанда, өздерін оқытуға байланысты бюджет қаражаты есебінен жұмсалған шығыстарды Оператор арқылы бюджетке нақты жұмыс істелген кезеңге мөлшерлес өтейді.	қоспағанда, өздерін оқытуға байланысты бюджет қаражаты есебінен жұмсалған шығыстарды Оператор арқылы **республикалық** бюджетке, **ЖАО арқылы жергілікті бюджетке** нақты жұмыс істелген кезеңге мөлшерлес өтейді. **Жұмыспен өтеу міндетті орындамаған жағдайда бюджет қаражаты есебінен жұмсалған шығыстарды өтеу біржолғы төлеммен жүзеге асырылады.** **Берешекті біржолғы төлеммен өтеу мүмкіндігі болмаған жағдайда, жас мамандардың өтініші бойынша Операторымен немесе ЖАО-мен 12 (он екі) күнтізбелік айдан аспайтын мерзімге төлемдер кестесін жасау арқылы оқытуға жұмсалған шығыстарды бөліп өтеу туралы келісім жасалады.**	қамтамасыз етеді және түлектің төлем қабілетсіздігі салдарынан міндеттемелерді орындамау тәуекелдерін азайтады. Бөліп төлеу құқығын заңнамалық деңгейде бекіту соттардағы мерзімін ұзарту және бөліп төлеуді ұсыну туралы талап-арыздар мен өтінішхаттардың санын азайтады. Егер бұл норма Қағидаларда жазылса, механизм сотқа дейінгі реттеу сатысында автоматты түрде іске қосылады, осылайша бөліп төлеуді ұсыну жастар арасындағы әлеуметтік шиеленіс деңгейін төмендетуге және «қаржылық құлдық» қаупінің алдын алуға мүмкіндік береді — еңбек жолын жаңа бастаған жас

				маманның әдетте жинағы болмайды. Оқу жылдарындағы бүкіл соманы (миллиондаған теңгені) біржолғы төлеуді талап ету оны тығырыққа тірейді. Осылайша, мемлекет жастарды әлеуметтік тұрғыдан қорғауды қамтамасыз етеді. Бұдан бөлек, құқықта жазаның (немесе өндіріп алудың) құқық бұзушылық салдарына барабарлық принципі бар. Бірнеше жылғы оқу ақысын бір сәтте қайтару туралы қатаң талап кешегі студенттің қаржылық мүмкіндіктеріне сәйкес келмейді. 12 ай — бұл қаржылық циклмен (жылдық табыс) салыстыруға келетін тиімді мерзім. **Қағидаларға осы түзетуді енгізу Заңның 47-бабы 17-4-тармағының**

				екінші бөлігіне оқуға жұмсалған шығыстарды өтеу туралы ұқсас құқық нормасын қамтитын толықтырулар енгізумен бір мезгілде, оны мынадай редакцияда мазмұндай отырып жүзеге асырылуға тиіс: «Бюджет қаражаты есебінен жұмсалған шығыстарды өтеу ғылым және жоғары білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын мерзімдерде және тәртіппен іс жүзінде жұмыспен өтелген кезеңге мөлшерлес жүзеге асырылады.»
6	38-тармақ	Болмаған	38. Республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған, Заңның 47-бабының 17-тармағында көрсетілген адамдардың жұмыспен өтеу немесе жұмыспен өтемеген жағдайда оқыту шығыстарын өтеу жөніндегі міндеттерді сақтауын мониторингілеуді және	**ҚР Жоғары аудиторлық палатасының нұсқамасы.** ҚР Жоғары аудиторлық палатасының

			бақылауды Оператор «Республикалық бюджет қаражатынан қаржыландырылатын мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған Қазақстан Республикасы азаматтарының жұмыспен өтеуін мониторингтеу және бақылау мәселелері жөніндегі білім беру саласындағы уәкілетті органның операторы туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2025 жылғы 8 сәуірдегі № 170 бұйрығында көзделген тәртіппен жүзеге асырады.	26.12.2025 ж. № 33-1-Н «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді дамытуға және оның сапасын арттыруға бөлінген қаражатты пайдалану тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудит қорытындылары туралы» нұсқамасында түлектерге жұмыспен өтеу жөніндегі міндеттемелерді орындау туралы хабарламалар жіберу тәртібін белгілеу және жұмыспен өтеу жөніндегі міндеттемелерді орындауға кіріспеген түлектерге қатысты талап-арыз жұмысының механизмін белгілеу бөлігінде Қағидаларға өзгерістер енгізу бойынша шаралар қабылдау туралы тапсырма берілген.

				Алайда Қағидаларда жұмыспен өтеу мониторингі мәселелеріне қатысты бөлім жоқ, өйткені бұл құқықтық қатынастар қаралып отырған НҚА-ның реттеу нысанына кірмейді. Жұмыспен өтеуді мониторингілеу және бақылау мәселелері басқа құқықтық актімен – Оператордың өкілеттіктері мен құзыреттері көзделген, ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органның бұйрығымен бекітілетін Оператор туралы ережемен регламенттелген, осыған байланысты Қағидалар Оператор туралы ережеге сілтеме мен жұмыспен өтеуді мониторингілеу және бақылау

				функцияларын жүзеге асыратын субъектіге – білім беру саласындағы уәкілетті органның Операторына нұсқауды қамтитын жаңа 38-тармақпен толықтырылады.
7	39-тармақ	Болмаған	39. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған, Заңның 47-бабының 17-тармағында көрсетілген адамдардың жұмыспен өтеу немесе жұмыспен өтемеген жағдайда оқыту шығыстарын өтеу жөніндегі міндеттерді сақтауын мониторингілеуді және бақылауды Заңның 6-бабы 2-тармағының 8), 8-1), 20) және 20-1) тармақшалары, 3-тармағының 7) және 22) тармақшалары және «Бакалавр» немесе «магистр» дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 25 тамыздағы № 443 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2023 жылғы 31 тамызда № 33345 тіркелген) негізінде ЖАО жүзеге асырады.	ЖАО гранттары бойынша білім алып жатқан жас мамандардан және тікелей ЖАО-лардың өзінен жұмыспен өтеу мәселелері бойынша келіп түсетін көптеген өтініштерге байланысты, Қағидалар жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім алған жас мамандардың жұмыспен өтеуін мониторингілеу және бақылау жөніндегі функциялар жүктелетін субъект — ЖАО туралы норманы қамтитын 39-тармақпен толықтырылды,

				мұнда Заңның 6-бабына («Білім беру саласындағы жергілікті өкілді және атқарушы органдардың құзыреті») және Білім беру грантын беру қағидаларының 5-тарауына («Жергілікті бюджет қаражаты есебінен «бакалавр» немесе «магистр» дәрежесі берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру гранттарын беру тәртібі») сілтеме жасалған.